

ӨКІМ

Қарағанды қ.

№ 22/2

12 ақпан 2024 ж.

2023 – 2024 оқу жылында магистратурада қорытынды аттестаттау туралы

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР ҒЖБМ 20.07.22 ж. №2 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелеріне (ҚР БҒМ 30.10.18 ж. №595 бұйрығы), Кредиттік оқыту технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне (ҚР БҒМ 20.04.11 ж. № 152 бұйрығы), Академиялық саясат туралы қағидаға (26.12.18 ж. №5 хаттама) сәйкес 2023-2024 оқу жылы магистратурада білім алушыларды қорытынды аттестаттауды уақтылы дайындау және ұйымдастыру мақсатында:

1. Магистратура білім алушылары үшін қорытынды аттестаттаудың басталуы **2024 жылғы 27 мамыр** (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 16 желтоқсан** (қысқы оқуға қабылдау үшін) болып есептелсін.

2. АҚ жұмысы жазғы оқуға қабылдау үшін **2024 жылғы 27 мамырдан 29 маусымға дейін** және қысқы оқуға қабылдау үшін **2024 жылғы 16 желтоқсаннан 31 желтоқсанға дейін** жүзеге асырылады.

3. **2024 жылғы 13 мамырға дейінгі мерзімде** (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 02 желтоқсанда** (қысқы оқуға қабылдау үшін) ЖкББ басшысының ұсынысы негізінде қорытынды аттестаттауға жіберу туралы Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрықтары шығарылады. Қорытынды аттестаттауға МЖМБС, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларының (syllabus) талаптарына сәйкес білім беру бағдарламасын толық меңгерген білім алушылар жіберіледі.

4. Білім беру бағдарламасының, жеке және оқу жұмыс жоспарларының және оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарын орындамаған оқу бітіру курсының білім алушысы Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығымен ЖкББ басшысының ұсынысы негізінде **2024 жылғы 1 шілдеден бастап** (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2025 жылғы 3 қаңтардан бастап** (қысқы оқуға қабылдау үшін) ақылы негізде қайта оқу курсына қалдырылады.

5. АҚ отырысының ұзақтығы күніне **6 (алты)** академиялық сағаттан аспауға тиіс.

6. Апелляцияны жүргізу үшін **2024 жылғы 20 наурызға дейінгі мерзімде** (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 7 қазанда** (қысқы оқуға қабылдау үшін) ЖОО-ның Академиялық мәселелер жөніндегі проректорының бұйрығымен біліктілігі білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

7. ОР жетекшісі А.Т. Дүйсекееваға:

7.1 2024 жылғы 20 мамырға дейінгі мерзімде ЖкББ басшысының ұсынған құжаттарына сәйкес «Univer-2.0» АЖ базасына түлектер бойынша енгізілген деректерді салыстыру жүргізу (06.12.2023 ж. №104 өкім).

7.2 «Univer-2.0» АЖ базасына қорытынды аттестаттау бағаларын, қорғау хаттамаларының күні мен нөмірін енгізуді қамтамасыз ету.

7.3 2024 жылғы 29 маусымға дейінгі мерзімде ЖкББ басшысына 2024 жылғы түлектер дипломдарына қосымшалар беру.

7.4 Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау нәтижелері туралы есепті күнделікті тапсыру жүктелсін.

8. ЖкББ басшысына:

8.1 2024 жылғы 30 наурызға дейінгі мерзімде (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 14 қазанда** (қысқы оқуға қабылдау үшін) білім алушымен бірлесіп оқу жұмыс жоспарының орындалуын салыстырып тексеруді, транскриптте пәндер бойынша қойылған бағалардың болуы мен сәйкестігін, «Univer-2.0» АЖ базасында тегін, атын және әкесінің атын атау және барыс септігінде үш тілде толтыру дұрыстығын тексерсін;

8.2 2024 жылғы 05 сәуірге дейінгі мерзімде (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 8 қарашада** (қысқы оқуға қабылдау үшін) үш тілде білім алушылардың диплом жобаларын, жеке куәліктерінің көшірмелерін, транскриптерін Тіркеуші кеңсесінің бөліміне қайта тапсыруды қамтамасыз етсін. Транскриптің барлық парақтарында міндетті түрде «Тексерілді» деген белгі жазылады және шифрсыздандырумен қатар түлек, сондай-ақ ЖкББ басшысы қол қояды.

8.3 «Univer-2.0» АЖ базасында деректер келіспеушілігі туындаған жағдайда түзету туралы шешімді: комиссия Төрағасы – Басқарма Мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а., п.ғ.к. Г.Е. Самашова; комиссия мүшелері: ЖкББ басшысы, х.ғ.к. Л.М. Сұлтанова, шығарушы кафедра меңгерушісі құрамындағы комиссия қабылдайды.

Жүргізілген салыстырып тексеру негізінде растайтын құжаттардың көшірмелерімен келіспеушілік хаттамасы ТБ бөліміне беріледі.

8.4 2024 жылғы 13 мамырға дейінгі мерзімде (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 29 қарашада** (қысқы оқуға қабылдау үшін) қорытынды аттестаттауға жіберу туралы бұйрық құрастырылсын.

8.5 Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) дайындау барысын апта сайын бақылауды қамтамасыз етсін.

9. Шығарушы кафедралардың меңгерушілеріне жүктелсін::

9.1 Магистрлік диссертациялардың (жобалардың) орындалу барысына дербес жауапкершілік және апта сайын бақылауды жүзеге асыру жүктелсін.

9.2 Қорытынды аттестаттауды, Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің жұмысын және шығару жұмыстарын қорғауды жүргізу рәсімінің ашықтығы үшін қорғауға *магистрлік жұмыстар (жобалар) жетекшілерінің*, кәсіпорындар мен ұйымдардың, оның ішінде Корпоративтік Университет өкілдерінің, білім алушылардың және басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуын қамтамасыз ету қажет.

9.3 Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) жазу және ресімдеу бойынша жоспарланған жұмыс көлемінің уақтылы орындалмағаны туралы ЖкББ басшысына хабарлау.

9.4 **2024 жылғы 22 сәуірге дейінгі мерзімде** (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 18 қарашада** (қысқы оқуға қабылдау үшін) ЖкББ-ға қағаз және электрондық нұсқада ұсынылсын:

- АК төрағаларымен келісілген және Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекіткен магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау кестелері. Кестелерде магистрлік диссертацияның (жобаның) қорғалған күні, уақыты, корпусы және аудитория нөмірі көрсетілуі керек;

- рецензенттерге ұсыну.

9.5 **2024 жылғы 29 сәуірге дейінгі мерзімде** (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 25 қарашада** (қысқы оқуға қабылдау үшін) қорытынды аттестаттауға жіберу туралы ЖкББ басшысының атына ұсыныс құрастырылсын.

9.6 **2024 жылғы 24 мамырға дейінгі мерзімде** (жазғы теру үшін) және **2024 жылғы 13 желтоқсанда** (қысқы теру үшін) қорытынды аттестаттауды өткізу үшін кабинеттерді жабдықтау және оларды қажетті аспаптармен, техникалық және әдістемелік құжаттамамен жабдықтау.

9.7 АК жұмысы кезеңінде қорғаудың біркелкі бөлінуін қамтамасыз ету.

9.8 Тапсырысы бойынша тиісті магистрлік диссертациялар (жобалар) орындалған кәсіпорындар мен ұйымдарға, сондай-ақ Корпоративтік Университет кәсіпорындарына АК-ның міндетті көшпелі отырыстарын қарастыру.

9.9 **2024 жылғы 29 маусымға дейінгі мерзімде** (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 31 желтоқсанда** (қысқы оқуға қабылдау үшін) студенттік бөлімге АК төрағаларының, АК-ның бөгде мүшелерінің және рецензенттердің жұмысына ақы төлеуге құжаттар ұсынылсын.

9.10 **2024 жылғы 06 шілдеге дейінгі мерзімде** (жазғы оқуға қабылдау үшін) және **2024 жылғы 25 желтоқсанда** (қысқы оқуға қабылдау үшін) ЖкББ-ға қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі кафедра есебінің бір данасын және АК төрағасының есебін (Қосымша) ұсынсын.

10. ЖкББ басшысы Л.М. Сұлтановаға жүктелсін:

10.1 Дипломға және түлек дипломына қосымшаға шығарылатын ақпарат бойынша білім алушылардың дерекқорын салыстыруды және қажет болған жағдайда түзетуді қамтамасыз ету: «Аты-жөні» (куәландырушы құжатқа сәйкес), «Туған күні», «Білімі туралы алдыңғы құжат» (жыл, құжат нөмірі, берілген күні), «Оқуға түсу сынақтары» (құжаттың жылы, нөмірі, берілген күні), ЖЖкБҰ көрсете отырып оқуға түскен жылы, ЖЖкБҰ көрсете отырып бітірген жылы, білім беру бағдарламасының атауы (06.12.2023 ж. №104 өкім).

10.2 «Univer-2.0» АЖ базасына атау және барыс септігінде үш тілде түлектің тегін, атын және әкесінің атын енгізуді қамтамасыз ету (06.12.2023 ж. №104 өкім).

10.3 Күн сайын АК тиісті жұмысы аяқталғаннан кейін магистратура түлектерінің білімі туралы құжаттарда сериялар мен нөмірлер генерациясын жүргізу (24.01.2024 ж. №35 бұйрық).

11. Өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басқарма Мүшесі – Академиялық мәселелер
жөнінде проректордың м. а.**

Г. Самашова

Қосымша

**АК төрағасының есебін құрастыру
ЖОСПАРЫ**

АК төрағасының есебі 1-6 кестеден және түсіндірме жазбадан тұрады.

АК төрағасының есебінің түсіндірме жазбасында:

- 1) осы білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды даярлау деңгейі;
- 2) нақты озық технологияларды, әдістемелерді және т. б. пайдалануды ескере отырып, магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындау сапасы;
- 3) магистрлік диссертациялардың (жобалардың) тақырыбы мен мазмұнының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндіріс сұраныстарына сәйкестігі;
- 4) осы ББ бойынша кадрларды даярлау сапасын талдау;
- 5) магистрлерді даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдар.

1-кесте

_____ жылы
Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауды тапсыру нәтижелері

Оқу түрі _____

ББ _____

ЖОО атауы _____

Қорытынды аттестаттау нысаны	Қорытынды аттестаттауға жіберілгендер саны	Тапсырғандар саны	Олардың ішінде:				Орташа балл	Келмеу	Сапа %	Тапсырғандардың үлгерімдік %
			Үздік	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз				
Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау										
Барлығы										

2-кесте

ББ атауы	Аты-жөні	Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау бағасы	Цифрлық эквивалент

3-кесте

Салыстармалы шығару талдауы

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең	Есептік кезең
Сапа %		
Үлгерімділік %		
Орташа балл		

4-кесте

Кафедра	ББ шифры және атауы	Оқу бітіру жұмыстарының жалпы саны	Олардың ішінде		Ғылыми тақырып бойынша
			Ұйымның тапсырысы бойынша		
			Барлығы	Оның ішінде КУ бойынша	

5-кесте

Жоғары білім бағдарламасын аяқтаған түлектер тізімі

№	Аты-жөні (толық)	Диплом №
1		
2		
...		